

**«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Н.Ә.Назарбаев
шығармаларындағы нарратив пен дискурс» тақырыбындағы
Хуатбекұлы Еркапаттың диссертациясына
ресми рецензенттің**

ПІКІРІ

I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Әдебиеттанудың өзекті тақырыптарының біріне айналған нарратив пен дискурс терминдері пәнаралық байланыстардың нәтижесінде кең мағынаға ие болуда. Бір ұлттың тікелей таным көкжиегімен астасқан дискурс термині әдеби-эстетикалық қабатта бір халықтың қоршаған ортаны танудағы сан жылдық тәжірибесінің негізінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарын тануға мүмкіндік туғызады. Тарихи дискурс пен болжалды тарихи дискурстың зерттеу тәсілдері арқылы халықтың өткенін қайта жаңғыртып, насихаттау қолайлы. Осы ретте Н.Ә.Назарбаевтың еңбектеріне әдебиеттану аспектісінде ғылыми талдау жасаудың маңызы зор. Себебі Тәуелсіздіктің отыз жылдығының қарсаңындағы отыз жылдық ел тарихынан Елбасының еңбегін бөліп қарастыру мүмкін емес. Н.Назарбаев еңбектерін зерттеу, сол арқылы ұлттың руханиятына әсер етіп, ұлттық кодты қалыптастырауда әдебиеттанудың атқаратын қызметі аса маңызды. Бұған дейін Н.Ә.Назарбаев еңбектеріне тоқталып, Елбасы еңбектерінің мәніне үңілген зерттеулердің қатары мол болғанымен, тікелей әдебиеттану аспектісінде ғылыми зерттеу жұмысының зерттеу нысаны ретінде тұңғыш рет қарастырылып отыр. Саясаткер еңбегіне поэтикалық көзқараста қарау отандық әдебиеттанудың дамуында жасалған тың қадамдардың бірі деп есептейміз. Диссертация жұмысында зерттеу нысаны ретінде «Әділеттің ақ жолы», «Еуразия жүрегінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қалың елім қазағым», «Ой бөлістім халқыммен», «Қазақстан – Ресей қатынастары», «Қазақстан жолы», «Өзекжарды ойлар», «Тарих толқынында», «Тәуелсіздік белестері», «Елмен сырласу» еңбектері мен естелік-эсселері жан-жақты талданып, нарратив пен дискурс терминдерінің талдау тәсілдері тұрғысынан баға берілді. Бұл шығармалар Н.Ә.Назарбаевтың авторлық қабілетін тануға, жазушылық қырын ашуға мүмкіндік туғызатын еңбектері ретінде дұрыс таңдалған.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты 5.1.1. тармағының мазмұнымен сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды.

II. Докторант оқыған мамандық пен диссертация тақырыбының сәйкестігі.

Докторант Хуатбекұлы Ерканаттың «Н.Ә.Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» атты диссертациялық жұмысы докторант білім алған «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша сәйкес келеді. Елбасы еңбектерін поэтикалық тұрғыда талдауда «референттер және постулаттар», «аудиторияны игеруде риториканың маңызы» т.б. қырларынан қарауға тырысқан. Диссертант бұл ретте Н.Назарбаевтың ұранға айналған пікірлерінен мысалдар келтіріп, аталған ойдың постулат болуының себебіне үңілген.

Нарратив пен дискурстың талдау тәсілдерін пайдалануда Е.Хуатбекұлы Э. Сүлейменованың «Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики», Г.М.Костюшкина «Теория дискурса во французской лингвистике», Е.И. Шейгал «Семиотика политического дискурса», R. Joslyn «Keeping Politics in the Study of Political Discourse», H. Miller «Narrative, in Critical Terms for Literary Study», В. Шмид «Нарратология», Ж. Дәдебаев «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері», А.Б. Темірболат, Н.Ж. Кенжеғараев «Абайдың поэтикалық әлемі» сынды отандық және әлемдік ғалымдардың еңбегіне иек артқан.

Саясаткер еңбегіне поэтикалық көзқараста талдау жасауда диссертант пәнаралық байланысты пайдаланған. Докторанттың «Discourse: Leader and the Modern Literature» атты мақаласы «Scopus» деректер базасына кіретін «Orisón» журналында 2019 жылы жарияланған. Аталмыш мақала диссертация тақырыбы бойынша жазылған.

III. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Диссертант Хуатбекұлы Ерканат диссертациялық жұмысында алға қойған мақсатына жетуде нақты жоспарлар құра білген. Елбасының шығармаларына талдау жасауда жыраулар поэзиясынан бастап бүгінгі күнге дейінгі еңбектерді тиімді пайдаланған. Ізденуші саясаткер еңбегінің отандық әдебиеттанудағы орнын анықтауда шетелдік ғалымдардың тәжірибесіне сүйеніп, тақырыптың өзектілігін көрсеткен. Диссертация тараулары, бөлімдері диссертацияның мақсатын ашуға негізделген.

Диссертация жұмысындағы пікірлер мен ғылыми тұжырымдар, қорытындылар өзара логикалық, мазмұндық тұрғыдан байланыс тапқан. Зерттеу жұмысы үш тараудан, әр тарау екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс толық аяқталған еңбек болып есептеледі.

IV. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі мынадай:

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; Н.Ә.Назарбаев еңбектеріндегі тарихи оқиғалар нарративтік уақыт пен тарихи дискурс тұрғысынан қарастырылды. Бұл өз кезегінде елді бірлік пен татулыққа, ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелейтіні анық. Диссертациялық жұмыста Е.Раушанов, Ғ.Жайлыбай, М.Райымбек, Е.Жүніс, Т.Шерханның сынды аға буын өкілдері мен жас ақындардың өлеңдері мен Н.Назарбаев еңбегіндегі мәндес-мағыналас тұстары салыстырылған. Сол арқылы Елбасының кейбір пікірлері постулатқа айналғаны дәлелденген.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа; диссертацияда докторант отандық әдебиеттануда саясаткер еңбегіне алғаш рет теориялық тұрғыда баға беріп, әдебиеттану аспектісінде талдаған.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; Н.Ә.Назарбаевтың Тәуелсіздікке дейінгі және Тәуелсіздік жылдарындағы еңбектері әдебиеттің көркемдік категориясы тұрғысынан іріктеліп алынып, нарратив пен дискурс терминінің зерттеу тәсілдері арқылы өмір шындығын көркемдік тұрғыда бейнелеуде шындық элементтерді пайдалану дәрежесі анықталған.

V. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңызы.

Зерттеу жұмысы нақты логикалық бірлікке құрылған. Н.Ә.Назарбаев еңбектеріне нарратив пен дискурстық талдау жасауда әдеби-теориялық тұрғыдан жүйелі талданып, саясаткер еңбегінің көркемдік-эстетикалық құндылығы сарапталған. Практикалық, теориялық мәселелер бір-бірімен жүйелі байланысқан.

VI. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Докторант Е.Хуатбекұлы Н.Назарбаев еңбектерін іріктел, көркемдік деңгейі жоғары, ой иірімі терең шығармаларын зерттеу нысаны ретінде қарастырған. Жалпы логикалық, этикалық-адамгершілік, практикалық үш деңгейде қарап құндылықтар мен тұжырымдарды іріктеп берген. Логикалық және практикалық деңгейлерді бір формада қарастырған. Ұқсас мәндерді бір формада қарастыру нәтижесінде идеялар мен құндылықтарды тәжірибеде қолданудың жолын көрсеткен. Бұл ізденушінің жіті ізденуі мен жұмыстағы шынайылығын байқатады.

Екінші ғылыми нәтиже. Отандық филологияда Н.Назарбаев еңбектерін саясаттану мен әдебиеттанулық аспектіде қарастырудың ара жігін айқындаған тұңғыш зерттеу жұмысы. Докторант саясаткер еңбектерін әдеби көзқараста қарау бүгінде әлем әдебиеттануына тиесілі процесс екендігін алға тартып, отандық әдебиеттануда да қарау қажеттігін ұсынған. Нәтижесін шынайы деп бағалаймыз.

Үшінші ғылыми нәтиже. Ізденуші Хуатбекұлы Ерманат нарратив пен дискурстың зерттеу тәсілдері арқылы жасаған талдауларының нәтижесінде Н.Назарбаевтың естелік-эсселерінде нарративтік уақыт пен тарихи дискурстың үлесі басым екендігі анықталған. Шынайылық дәрежесіне күмән келтірер мәлімет жоқ.

VII. Академиялық адалдық принципі.

Ізденуші Хуатбекұлы Ерманат диссертациялық жұмысында академиялық адалдық қағидасын толық ұстаған. Авторлық құқық нормаларын сақтаған және зерттеу жұмысында 115 дереккөзді пайдаланған. Әдебиеттанудағы Ш.Елеуқенов, Б.Майтанов, Ж.Дәдебаев, Э.Сүлейменова, Т.Есембеков, Г.Орда, А.Темірболат, Г.Г.Бүркітбаева, Б.С.Жұмағұлова, Д.С.Бейсенбекова, Г.Ж.Жаңабаева, Б.Қалиұлы, К.Қ.Садирова, А.Жалалова, Владимир Папов, Леви-Строс, Э.Бюиссанс, Э.Бенвенист, Зелги Харрис, Р.Барт, У. Эко, Ж.Бодрийяр, П.Серио, Е.И.Шейгал, О.Ф.Русакова, Х.Миллер, Р.С.Грейн, В.Бут, В.Шмид, К.Мейстер т.б. сынды шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерін пайдаланған және дәйектеме алынған зерттеулерге сілтеме берген. Диссертациялық жұмыста академиялық адалдық қағидасына қайшы келетін тұстар немесе бұрмалаушылықтар кездеспейді.

VIII. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.

Зерттеу жұмысындағы теориялық және практикалық болжамдар мен тұжырымдар отандық әдебиеттанудың дамуына және саясаткер еңбектерін талдау арқылы әдебиеттану ғылымының пәнаралық байланысын дамытуға үлес қосады. Практикалық тұрғыдан жұмыс нәтижелерін орта, арнайы, жоғары мектептерде, жоғарғы оқу орындарында өтілетін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы», «Дискурстық теория және оның типологиясы», «Сөз мәдениеті» сияқты арнаулы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде және оқу құралдарын жазуда пайдалануға болады.

IX. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына сай келеді.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындылары бойынша 7 мақала жарық көрген, оның ішінде 1 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 3 мақала халықаралық конференция материалдарының жинақтарында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті бекіткен тізімге енетін басылымдарда жарияланған.

X. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Диссертацияның ғылыми және тәжірибелік маңызының жоғары екендігін ескере отырып, докторант болашақта төмендегі мәселелерді есте ұстағаны жөн:

– II тарауда талданған туындыларды дискурс және нарратология түрлері бойынша нақты көрсетіп толықтыру.

– Ізденуші өзі бірінші тарауында нақты көрсеткен нарратив пен дискурстың түрлерін зерттеу ішінде жақсы пайдаланған. Ендігі жерде Н.Назарбаев еңбектерінде нарратив пен дискурстың осындай түрлері кездеседі деп әр тараудың соңына жеке тоқталып өтсе.

Алайда көрсетілген кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

XI. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Докторанттың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығына 1-қосымшасындағы «Дәрежелерді беру қағидаларының» 5, 6, 7-тармақтарына сәйкес келеді.

Ізденуші Е.Хуатбекұлының «Н.Ә.Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми ойтұжырымдар маңызды саналады әрі отандық әдебиеттанудағы саясаткер еңбектерінің зерттелуіне белгілі бір деңгейде үлес қосады. Ғылыми пәндік аппараты бір ізге түсірілген, толық аяқталған жұмыс. Осы аталғандарды ескере отырып, Хуатбекұлы Ерманаттың «Н.Ә.Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» атты диссертациялық еңбегін «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ашық қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Пікір беруші:

**Қазақстан Жазушылар одағының басқарма
Төрағасының орынбасары,
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор**



Б.Ө.Жақып